

Б.Қолдасбаев атындағы жалпы білім беретін орта мектебінің



3 «Б» сынып оқушысы Асылханұлы Нұрдәулет

Тақырыбы: **«Мыңбасы Қосжан батыр»**

Мақсаты: Ел қамын жеген 16 жылғы
ұлт азаттық қозғалысында
мыңбасы болған Қосжан
батырдың ерлігін
насихаттау.

*Халқының азаттығы
үшін шыбын жанын
қиып, өлімге қасқая
қараған
ұлт азаттық
көтерілістің қайнаған
орталығы болған
Қараторғай болысының
мыңбасы Қосжан би
Маңыбайұлы.*



Жоғарыда айтылған «би» деген лауазым, әкесі Маңыбайдың бай адам, қажы болғандығынан патша заманында тарихқа жақпайтын тұлға болған. 1931-1933 жылдардың алапат аштығы кезінде Маңыбай әулеті елден безіп кеткен. 1916 жылғы көтеріліс туралы дерек жинауда бұл әулеттен дерек



Мыңбасы Қосжан би

1878 жылы Торғай уезі,
Қараторғай болысында
туған. Немере інісі
Досжан Тайпыұлының
айтуынша


орта бойлы, толық,
ат жақты, қалың қабақты,

өткір көзді, қара мұрт, қара сақалды,
сұлу адам болған. Ол ерте атқа мініп, ел ісіне
араласқан. **Қараторғай болысында би болған.**



Сол заманның көзі ашық, парасатты
азаматы болған. Ел билігінде
турашылдығымен аты шыққан.
Сондықтан да болар, көтеріліс
басталғанда Қараторғай болысының
азаматтары оны **бір ауыздан
мыңбасы** етіп сайлаған.

Қосжан би өзгелер сияқты өз сарбаздарын қаруландыру үшін, ұсталар дүкенін құрып, суық қарулар соқтырады. Ол, Әбдіғапар, Амангелді



Кейкі батырлардың үзеңгілес серігі. Солардың нұсқауымен қаладан атыс құралдар іздестіреді.

*Мыңбасы Қосжан Торғай, Күйік,
Шошқалы, Доғал шайқастарына
қатысқан.*

*Ол осындай шайқастардың бірі
Құмкешу соғысына бармайды.*

*Оның мыңбасы болғанына
кейбіреулердің күмәнденуі
осыған байланысты.*

*Дініміз бен тіліміз қалпына келтіріп жатқанда
бұл бүкпені ашып айтуға болады.*

Мысалы, арғы бабамыз Шақшақ Жәнібек
Тархан Қалмақ батырымен
жекпе-жекке шығарда
түс көріп, бас тартады.

Мыңбасы Қосжан да ***түсінде өзі мінген
күрең атты ер тоқымсыз бос көріп,
оны жамандыққа жорып
Құмкешу соғысына барудан бас тартқан.***

*Доғал шайқасы алдында Үрпекке келіп жеткен
сардар Амангелді іргедегі
Қосжан ауылына келіп, райынан қайтарады.
Доғал соғысында өз мыңдығына
қолбасшылық жасап,
өзен жарын қалқалап шегінген сарбаздарды
тікелей қуудан сақтайды.*



Қалың қарды кесіп өтіп, қырға қаиқан
сарбаздарды қуу оңай емес.

Әсіресе зеңбірек, пулеметтерін
алып өту қиын еді.

Осы шайқаста екі - үш сарбазымен

Мыңбасы оққа ұшады.

Оған зеңбірек оғының жарықшағы
көк желкеден қадалған.

*«Торғай таңы» ,1994 жыл 18 қазандағы
басылымда Қосжан батырды
тосқауылдағы мергендермен
қаза тапты делінген.
Бұл жалған, бұрмаланған дерек.*

Қосжан Маңыбайұлы туралы тарихи деректер баспасөзге 1972 жылдан бастап шым-шымдап айтыла бастады.

- Көп ұзамай «Тынбай таспасындағы айқас» деген дастан 1973 жылы 29 наурызда аудандық «Тың шұғыласы» газетіне жарияланады.
- Амангелді Имановтың туғанына 100 жыл толуына байланысты «Жеті батыр» деген атпен дастан Торғай облыстық газетіне шығады.
- **1986** жылғы 3-4 қазандағы «Торғай таңы» газетінде журналист ғалым Сапабек Әсіповтың «Тосқауыл» атты деректі әңгімесі жарияланды. Онда
Әміржан әкейдің көзбен көргендері баяндалады.
- Ұлт-азаттық көтерілістің 80 жылдығында «Бес батыр» және Қосжан Маңыбайұлы жайлы мақалалар жарық көреді.

**Жалпы мыңбасы Қосжан есімі көптеген
мақалаларда аталып жүр.**

*Ертеректе Қосжан туралы болған ресми
бір әңгімеде*

*Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген қызметкер
Төлен Досов орыс тілін білетін біреуге
арыз жаздырып,*

*Қосжан есімін ардақтауға әрекеттенген.
Әлжан (шын аты Әлиакпар) Қарабаев*

*Қосжан туралы
ШЫНДЫҚТЫ іздеп жүргені де әділдігі
болар.*

Өткен уақыттың ағымына сай
Қосжан есімі ұзақ жылдар ауызға
алынбағанымен оны ұрпақтары
ұмытқан жоқ.

77 жыл өз дегенін істеп
Бесмолда Қабырға бойында
тұрған **Қосжан тамы** құлаған.

Кей ін Қосжан ұрпақтары қоныстанып,

колхоз орталығы болған

Чапай ауылы – 1993 жылғы

4 мамырда

Қазақстан Республикасы

Жоғарғы Кеңесінің шешімімен

Қосжан ауылы деп аталды.

«Қосжан ауылы» деген

жазуы бар

арка орнатылды.

Сөйтіп тарихи

әділдік қалпына келді.

Қосжан Мыңбасыға там салынып, ас берілді.

Ел-жұрт үлкен қуанышпен қарсы алды.




Батырдың Жиенбай
қорымдағы қабіріне
жаңадан қоршау
там орнатылып,
мәрмардан белгі
тас қойылды.
Ал мүсіні биік
тұғырға қойылып,
ауылдың көрікті жеріне
орнатылған.
Елі үшін құрбан болған
есіл ерді есте қалдыру
шаралары жүзеге асты.



Ал енді, жобамның соңында сіздерге \
Қосжан батыр туралы
немересі Нағима әжейдің
сұхбаты жазылған
бейнетаспаны ұсынамын.





**Назарларыңызға
рахмет!!!**